

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 24 мамырдағы № ДС-197 хатқа

Құрметті депутаттар!

Мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

«Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламалары бойынша бастапқы жарнаны алып тастауға қатысты

Қарыз бойынша бастапқы жарна кепілді қарыздар және соның салдарынан кредиттік тәуекелдер үшін қаржылық тәуекелдерді сақтандыру болып табылады.

Бастапқы жарнаны алып тастау немесе азайту қарыз алушыға ай сайынғы қаржылық жүктемені арттырады.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтарына қаржылай қолдау көрсету үшін жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар бойынша бастапқы жарнаны төлеу бөлігінде жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредит нысанында әлеуметтік көмек немесе әлеуметтік қолдау түрінде тұрғын үй сертификаттарын бөледі.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды бөлек кезекке шығаруға қатысты

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 68-бабына сәйкес 1 және 2 топтағы мүгедек адамдар, сондай-ақ мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылған.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды тұрғын үймен басым қамтамасыз ету көзделген.

«Толық емес отбасылар» санатын «Бақытты отбасы» бағдарламасына қайтаруға қатысты

Қазіргі уақытта тұрғын үй алуға кезекте мынадай санаттағы азаматтар тұр: көп балалы отбасылар (103 мың азамат), 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар (54 мың азамат), мүгедектігі бар балалары бар отбасылар (25 мың азамат), жетім балалар (63 мың азамат).

Сонымен қатар, «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылған сәттен бастап «толық емес отбасылар» санаты бойынша азаматтардың кезектілікпен 75% өсуі байқалды (2019ж. – 85,4 мың кезекте тұрғандар, 2023ж. - 150,2 мың) және олардың үлесі кезекте тұрғандардың жалпы санының (641 мың адам) 24% құрады. Бұл өз кезегінде кезекте тұрғандардың жасанды өсуіне әкелді, басқа санаттар арасында әлеуметтік наразылық тудырды.

Көбінесе бағдарламаға қатысу және осы санат бойынша тұрғын үйге мұқтаждарды есепке алу үшін жалған неке қию, мәртебені сақтау немесе алу мақсатында неке қиюды әдейі болдырмау белгіленгендіктен, осы санат алынып тасталды.

Анықтама: статистика деректері бойынша 2019-2021 жылдар аралығында ажырасулар саны 148 599 құрады және ажырасулардың ең жоғары өсуі 5-9 жас аралығындағы некелер арасында байқалады.

Өз кезегінде, кезекте тұрғандардың, оның ішінде толық емес отбасылардың тұрғын үй мәселелерін шешу үшін бірқатар түрлі тетіктер көзделген:

- республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу немесе сатып алу.
- жеке тұрғын үй қорында жалдау ақысын субсидиялау.
- кредиттік тұрғын үй салу және кірістердің болуына байланысты «Отбасы банкі» АҚ-да (бұдан әрі – Отбасы банкі) жарна бойынша 5% жеңілдікпен кредиттеу арқылы.

Ипотекалық қарызды ресімдеу кезіндегі жағдайларды жеңілдетуге қатысты

Банктердің ипотекалық кредит беру кезіндегі заңнамалық міндеттемелерінің бірі мемлекеттік бағдарламалардың шарттарын және кредиттеудің белгілі бір шектеулері мен шарттарын көздейтін банк заңнамасын сақтау болып табылады.

Отбасы банкіне несие беру шарттары екінші деңгейдегі банктерден қарыз алушының пайдасына айтарлықтай ерекшеленеді. Әлеуметтік бағдарланған бола отырып, Отбасы банк халықтың нысаналы топтары бойынша мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес төлем қабілеттілігін тексеруді жүзеге асырады.

Мәселен, егер мерзімі өткен берешек мерзімі өткен күндер санына қарамастан, кредиттік өтінім беру айына дейін 3 ай бұрын өтелген болса, кредиттік тарих оң деп есептеледі.

Сондай-ақ, қарыз алушының сұратылған қарызды алу үшін төлем қабілеттілігі жеткіліксіз болған жағдайда, банктің талаптарына сәйкес келетін екі қарыз алушыға дейін тартылуы мүмкін.

Сонымен қатар, бюрократиялық процестерді барынша азайту үшін «blockchain» тетігі әзірленді, ол кепіл шарттарын онлайн тіркеу және ауыртпалықты алып тастау арқылы ХҚКО-ларға бірнеше рет барудан босатады.

Осал санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру кезінде жәрдем көрсету бойынша

Қазіргі уақытта халықты жұмыспен қамту орталықтары кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жұмыссыздарды, оның ішінде мүгедек азаматтарды қысқа мерзімді оқытуды ұйымдастыру, өтеусіз гранттар беру, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, субсидияланатын жұмыс орындарына жіберу және еңбек тапшылығы бар өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көрсетуде.

Бұдан басқа, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарынан басқа, мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындары санының 2-ден 4% - на дейінгі мөлшерде жұмыс орындары бойынша квота белгілеу жолымен халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді.

Осылайша, жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар азаматтарды қолда бар тетіктерді қолдана отырып, жұмысқа орналастыру мәселесін жүргізуде.

Сонымен қатар, азаматтардың, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал тобының тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында қазіргі уақытта белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін адамдарды алып тастау арқылы, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрғандардың тізімін өзектендіру жүзеге асырылуда.

Ә. Смайылов

*Орынд: С.Жанкалов
Тел: 74 53 50*

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

на № ДС-197 от 24 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно обеспечения жильем нуждающихся граждан, сообщаем следующее.

Касательно исключения первоначального взноса по программам «Бақытты отбасы» и «Шаңырақ»

Первоначальный взнос по займу является страхованием финансовых рисков для залоговых займов и, как следствие, кредитных рисков.

Исключение или снижение размера первоначального взноса увеличит ежемесячную финансовую нагрузку на заемщика.

Вместе с тем, для оказания финансовой поддержки социально-уязвимым слоям населения, в части оплаты первоначального взноса по льготным ипотечным программам местными исполнительными органами выделяются жилищные сертификаты, в виде социальной помощи или социальной поддержки в форме бюджетного кредита.

Касательно выведения семей, воспитывающих детей с особыми потребностями, в отдельную очередь

Согласно статье 68 Закона «О жилищных отношениях» лица с инвалидностью 1 и 2 группы, а также семьи, воспитывающие детей с инвалидностью, отнесены к социально уязвимым слоям населения.

В рамках Концепции развития жилищно-коммунальной инфраструктуры (далее - Концепция) предусмотрено приоритетное обеспечение жильем социально-уязвимых слоев населения, в том числе семей, воспитывающих детей с особыми потребностями.

Касательно возврата категории «неполные семьи» в программу «Бақытты отбасы»

В настоящее время в очереди на получение жилья состоят граждане следующих категорий: многодетные семьи (103 тыс. граждан), лица с инвалидностью 1 и 2 групп (54 тыс. граждан), семьи с детьми с инвалидностью (25 тыс. граждан), дети-сироты (63 тыс. граждан).

Вместе с тем, с момента запуска программы «Бақытты отбасы», в очередности наблюдался рост граждан по категории «неполные семьи» на 75% (2019г. – 85,4 тыс. очередников, 2023г. – 150,2 тыс.) и их доля составила 24% от общего числа очередников (641 тыс. человек). В свою очередь, это привело к искусственному увеличению числа очередников, что вызвало социальное недовольство среди других категорий.

Так как зачастую для участия в программе и постановке на учет нуждающихся в жилье по данной категории отмечаются фиктивные разводы браков либо преднамеренное избежание заключения браков в целях сохранения или получения статуса, данная категория была исключена.

Справочно: по данным статистики за период с 2019 по 2021 годы число разводов составило 148 599 и наиболее высокий рост разводов отмечается среди браков от 5 до 9 лет.

В свою очередь, для решения жилищных вопросов очередников, в том числе для неполных семей предусматривается ряд различных механизмов:

- строительство или приобретение арендного жилья без права выкупа за счет средств республиканского и местного бюджетов.

- субсидирование арендной платы в частном жилищном фонде.

- строительство кредитного жилья и льготное кредитование по ставке 5% через АО «Отбасы банк» (далее – Отбасы банк) в зависимости от наличия доходов.

Касательно упрощения условий при оформлении ипотечного займа

Одним из законодательных обязательств банков при выдаче ипотечного кредита является соблюдение условий государственных программ и банковского законодательства, предусматривающих определенные ограничения и условия кредитования.

Условия кредитования Отбасы банка существенно отличаются от условий банков второго уровня в пользу заемщика. Являясь социально-ориентированным, Отбасы банк осуществляет проверку платежеспособности в соответствии с государственными программами по целевым группам населения.

Так, кредитная история считается положительной, если просроченная задолженность была погашена за 3 месяца до месяца подачи кредитной заявки, независимо от количества просроченных дней.

Также, в случаях недостаточной платежеспособности заемщика для получения запрашиваемого займа, возможно привлечение до двух созаемщиков, соответствующих требованиям Банка.

Вместе с тем, для минимизации бюрократических процессов был разработан механизм «blockchain», который путём онлайн регистрации договоров залога и снятия обременения освобождает от многократных посещений ЦОН-ов.

По оказанию содействия при трудоустройстве граждан уязвимых категорий

В настоящее время центрами занятости населения в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы оказываются меры содействия занятости через организацию краткосрочного обучения безработных, в том числе граждан с инвалидностью, предоставление

безвозмездных грантов, обучение основам предпринимательства, направление на субсидируемые рабочие места и содействие добровольному переселению в трудодефицитные регионы.

Кроме того, в соответствии с Законом «О занятости населения» местные исполнительные органы обеспечивают реализацию государственной политики в области занятости населения, путем установления квоты по рабочим местам в размере от 2 до 4% от числа рабочих мест для лиц с инвалидностью, кроме рабочих мест на тяжелых работах, работах с вредными, опасными условиями труда.

Таким образом, местными исполнительными органами ведется работа по трудоустройству граждан с инвалидностью, с применением имеющихся механизмов.

Вместе с тем, в целях решения жилищного вопроса граждан, в том числе социально-уязвимого слоя населения в настоящее время осуществляется актуализация списка очередников на получение жилья из государственного жилищного фонда, с исключением лиц несоответствующих установленным требованиям.

А. Смаилов

Исп: С.Жанкалов

Тел: 74 53 50